

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 және "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 198 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2) «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 51, 706-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасында:

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ағымдағы баға – жекешелендіру объектісінің аукциондағы сауда-саттық барысында қалыптасатын бағасы;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) аукцион – тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, электрондық форматта өткізілетін қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) аукцион нөмірі – қатысушыға электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;»;

5), 24), 25) тармақшалар алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) ұйымдастырушы тартылған жағдайда онымен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге шарт жасасу;»;

16-1) тармақша алынып тасталсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) қатысушылармен, сатып алушылармен, ұйымдастырушымен сауда-саттық өткізу рәсімдеріне байланысты есептесулерді жүзеге асыру;»;

12-тармақтың 11) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«11) сауда-саттыққа қатысушылардың құжаттарын қарайды және оларды сауда-саттыққа (аукционды қоспағанда) жібереді;

12) сауда-саттық (аукционды қоспағанда) жеңімпазын жариялайды.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Сауда-саттықты өткізуге дайындықты сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаның уақтылы жариялануын қамтамасыз ететін, өтінімдерді қабылдауды және қатысушыларды тіркеуді жүргізетін, тендердің және екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурстың келіп түскен материалдарын комиссияның қарауына беретін сатушы ж ү з е г е а с ы р а д ы . » ;

14-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) қажет болған кезде ұйымдастырушы тартылады;»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сату туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы тізілімге мынадай құжаттардың:

1) жекешелендіру объектісінің құнын бағалау туралы есептің;

2) жекешелендіру объектісі фотосуретінің (тек жылжымайтын мүлік, көлік, жабдық және басқа да материалдық мүлік үшін) электрондық көшірмелерінің енгізілуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Жекешелендіру объектісін сату туралы хабарлама жарияланғаннан кейін сатушы тізілім веб-порталы арқылы ниет білдірушілердің барлығының жекешелендіру объектісі туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

21. Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион, тендер және/немесе екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.»;

2 2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Тендерге немесе екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушы ретінде ті р к е л у ү ш і н м ы н а л а р д ы : » ;

2) тармақша мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«Банктен банктік (ағымдағы) шоттың бар-жоғын растайтын анықтаманың т ү п н ұ с қ а с ы қ а й т а р ы л м а й д ы . » ;

23-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Тендерге немесе екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың өтінімдерін қабылдау және оларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жинағы болған кезде жүргізіледі.»;

23-1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«23-1. Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілім веб-порталында а л д ы н а л а т і р к е л у қ а ж е т : » ;

23-2 және 23-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«23-2. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған аукционға қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімнің в е б - п о р т а л ы н д а т і р к е у қ а ж е т .

23-3. Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстыру ү ш і н м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р д ы ң :

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын к у ә л а н д ы р а т ы н қ ұ ж а т т ы ң ;

заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы к у ә л і к т і ң н е а н ы қ т а м а н ы ң ;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған к ө ш і р м е л е р і н ұ с ы н а д ы .

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қ а й т а р ы л а д ы . » ;

24-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қатысушы ретінде тіркелу үшін осы Қағиданың 22-тармағында тізбеленгендерден басқа, қосымша құжаттар ұсынуды талап етуге жол берілмейді.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Журналда тіркелгеннен кейін қатысушылардың құжаттары сейфте сақталады, тендер немесе екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс өткізілетін күні қатысушылардың құжаттары комиссияға қарау және тендерге немесе екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа ж і б е р у ү ш і н б е р і л е д і . » ;

26 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

26-1 және 26-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26-1. Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілім дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру ж ү р г і з і л е д і .

Қатысушының осы Қағиданың 23-1 және 23-2-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ Сатушының шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін жетпіс екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушыны

аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталында қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау туралы электрондық хабарлама не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілім веб-порталында берілетін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

26-2. Сатушы аукционға қатысудан жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында бас тартқан қатысушының аукцион нөмірін оны өткізгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.»;

4 - бөлім алынып тасталсын;

4-1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

« 4 - 1 . А у к ц и о н д ы ө т к і з у

«36-1. Сауда-саттықтың ағылшындық әдісін қолдана отырып, аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы алғашқы бағаға тең болады.

Сауда-саттықтың голландтық әдісін қолдана отырып, аукционды өткізу кезінде бастапқы баға алғашқы бағаны өсу коэффициентіне көбейту арқылы айқындалады. Бұл коэффициентті сатушы белгілейді, бірақ 5-тен кем болуы мүмкін емес. Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің алғашқы, бастапқы және ең төменгі бағасын с а т у ш ы б е л г і л е й д і .

36-2. Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілдік жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілдік жарнаны енгізген жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

36-3. Жекешелендіру объектісі бірінші рет аукционға сауда-саттықтың ағылшындық әдісін қолдана отырып шығарылады. Екінші және одан кейінгі аукциондарда сауда-саттықтың әдісін комиссия белгілейді.

Сауда-саттықтың ағылшын әдісін қолдана отырып, жекешелендіру объектісін екінші және кейінгі сауда-саттыққа қою кезінде объектінің бастапқы бағасы сауда-саттықтың ағылшын әдісімен өткізілген алдыңғы аукционның бастапқы бағасының 50 пайызынан асырмай төмендету жолымен белгіленеді. Сауда-саттықтың голландтық әдісін қолдана отырып жекешелендіру объектісін сауда-саттыққа қою кезінде бастапқы ең төменгі баға алғашқы бағаның 50 пайызынан асырмай төмендету жолымен белгіленеді. Голландтық әдіс бойынша кейінгі әрбір аукцион кезінде олар бойынша Комиссияға ең төменгі баға бойынша шектеулерді жою туралы шешім қабылдауға жол берілетін голландтық әдісті қолдана отырып өткізілген үшінші және кейінгі аукциондарды қоспағанда, ең төменгі баға алдыңғы аукционның ең төменгі бағасының 50 пайызынан асырмай төмендету жолымен белгіленеді.

36-4. Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукцион залында аукцион Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбі - жұма аралығында өтеді. Аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

Егер сауда-саттықтың ағылшын әдісін қолдана отырып өткізілген аукцион аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда жекешелендіру объектісін сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Егер сауда-саттықтың голландтық тәсілін қолдана отырып жүргізілген аукцион аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өтпеді деп танылады.

36-5. Егер аукцион басталған сәтте жекешелендіру объектісі бойынша аукцион залында екі қатысушыдан аз тіркелсе және болса (жалғыз қатысушыға жекешелендіру объектісін сатуға жол берілетін аукцион бойынша үшінші және келесі сауда-саттықтарды қоспағанда), осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.

36-6. Бағаны өзгерту қадамы былайша белгіленеді:

1) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100 000 еселенгеннен бастап 500 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

3) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500 000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы 1 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Аукцион төменде көрсетілген екі әдістің біреуі бойынша жүргізіледі.

36-7. Сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша аукцион:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі осы Қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген кадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы

жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың біреуі осы Қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген кадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген кадамға а р т а д ы ;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша аукцион қатысушылардың біреуі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі кадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаның екі кадамға өсуін кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

36-8. Сауда-саттықтың голландтық әдісі бойынша аукцион:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап бес минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы Қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген кадамға а з а я д ы ;

2) егер баға азайғаннан кейін бес минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген кадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голландтық әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып т а н ы л а д ы ;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Осы Қағиданың 36-4-тармағының төртінші бөлігінде, 36-5-тармағында, 36-7-тармағының 1) тармақшасында және 36-8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда сатушы тізілімнің веб-порталынан басып шығарылатын аукционның өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

36-9. Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электронды хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, аукцион аяқталғаннан кейін жиырма төрт сағат

ішінде тізілімнің веб-порталында қол қояды.

36-10. Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

36-11. Егер жеңімпаз аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамаға не сатып алу-сату шартына осы Қағиданың 36-9 және 36-10-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сатушы тізілім веб-порталынан басып шығарылатын аукцион нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы жекешелендіру объектісі сауда-саттыққа тағы да шығарылады.

36-12. Тізілім веб-порталының қызмет етуін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) қамтамасыз етеді.

36-13. Аукцион барысында аукционға қатысуға кедергі болатын техникалық ақаулықтар туындаған кезде қатысушы:

1) тізілім веб-порталымен орнықты байланыс жоғалған кезден бастап 30 секунд ішінде аукционға қатысушының мониториянда бірыңғай оператордың байланыс деректері бар электрондық хабарламаны шығару жолымен хабардар етеді;

2) бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу хабардар етеді.

36-14. Бірыңғай оператор техникалық ақаулықтардың болуы фактісін тіркейді және олар тізілім веб-порталы жағында болған кезде ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру жолымен аукционға қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

36-15. Қатысушының компьютерлік және/немесе телекоммуникация жабдығының техникалық ақаулықтар болғанда аукцион жалғаса береді.

36-16. Аукционды жүргізуге немесе аукционды жүргізу рәсіміне кедергі болатын осы Қағиданың 36-14-тармағында көрсетілген тізілім веб-порталының техникалық ақаулықтар фактісі болған жағдайда, бірыңғай оператор бұл туралы сатушыға жазбаша түрде хабарлайды, ал сатушы осы аукционның жалғастырылатын күні мен уақыты туралы ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы аукционға қатысқан қатысушыларды алдын ала міндетті түрде хабардар ете отырып, аукционды бірыңғай оператор техникалық ақаулықты жойған күннен кейін келесі үш жұмыс күнінің біреуіне ауыстырады.»;

43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер коммерциялық тендерде екі және одан көп қатысушының ұсынысы бірдей ең жоғарғы бағаға ие болса және тендер шарттарын қанағаттандырса, онда осы қатысушылардың арасында коммерциялық тендердің жеңімпазы болып өтінімі ұсынысы бірдей ең жоғарғы бағаға ие болған және тендер шарттарын

қанағаттандыратын қатысушылардың басқа өтінімдерінен бұрын қабылданған қ а т ы с у ш ы т а н ы л а д ы . » ;

44-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер инвестициялық тендерде екі және одан көп қатысушының инвестициялық бағдарламалары инвестициялар және басқа да факторлар бойынша ұсыныстары бірдей болса және тендер шарттарын қанағаттандырса, онда өтінімі қатысушылардың басқа өтінімдерінен бұрын қабылданған, инвестициялық жобалары инвестициялар мен басқа да факторлар бойынша бірдей ұсынысты қамтитын және тендер талаптарын қанағаттандыратын қатысушы инвестициялық тендердің жеңімпазы болып танылады.»;

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Ұйымдастырушының және/немесе бірыңғай оператордың қызметтеріне ақы төлеу сатушының жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындауға және өткізуге жұмсалатын шығыстарына қосылады.»;

мынадай мазмұндағы 11-бөліммен толықтырылсын:

« 1 1 . Т і к е л е й а т а у л ы с а т у

72. Сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлікпен басқаруға тиісінше жалдаушыға (жалға алушыға) немесе сенімгерлікпен басқарушыға берілген объектілер тікелей атаулы сатуға жатады.

Жекешелендіру объектілерін жалдаушыларға (жалға алушыларға) және сенімгерлікпен басқарушыларға сатуға олар тиісті шартты тиісінше орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

73. Егер жекешелендіру объектісін сату шарттары мүліктік жалдау (жалға алу) шартында немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шартта көзделмеген болса, олар тараптардың келісімімен айқындалады.

74. Объектіні сату Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес сенімгерлік басқару не мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасау сәтінде айқындалатын нарықтық құны бойынша сатып алу-сату шартын жасау арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлік басқару мерзімі ішінде нарықтық құн инфляция деңгейіне сәйкес индекстеуге жатады және сатып алу-сату шарты жасалған күннен кейін үш жылдан аспайтын мерзімге бөліп-бөліп төлей отырып төленуі мүмкін. Жекешелендіру объектісін бөліп-бөліп төлей отырып, нарықтық құны бойынша сатып алу мүмкіндігі сатып алу құқығымен мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендердің шарттарына енгізіледі. Нарықтық бағаны бөліп-бөліп төлеудің мерзімі мен тәртібі сатып алу-сату шартында е с к е р т і л е д і . » ;

көрсетілген Қағидаға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
С. Ахметов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 198 қаулысына
қосымша
Жекешелендіру объектілерін
сату қағидасына
қосымша

Жекешелендіру объектілерін сату бойынша _____ қатысуға
(сауда-саттық нысаны көрсетіледі)

ӨТІМ

1. Жекешелендіру объектісінің (объектілерінің) сатылуы туралы жарияланған хабарламаны қарап және сату қағидаларымен танысып,

_____ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.)
_____ 20 _____ жылғы «_____» _____ мына мекенжай бойынша _____ болатын сауда-саттықта қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) сауда-саттықта қатысу үшін _____

_____ (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган көрсетіледі)
_____ депозиттік шотына жалпы сомасы _____ көрсетіледі (цифрмен)
(_____) теңге _____ кепілдік жарнаны (жарналарды) енгіздім (к).
(сомасы таратып _____ (саны)
_____ жазылады)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі ЖСК № _____, БСН _____, төлем тағайындау коды _____, Кбе _____, мекеме коды _____

Кепілдік жарнасы енгізілген жекешелендіру объектілері туралы мәлімет:

Р/с №	Жекешелендіру объектісінің атауы	Аударуға жататын кепілдік жарнасының сомасы, теңге
1		
2		
	Жиыны	

Енгізілген кепілдік жарналары туралы мәлімет:

Р/с №	Кепілдік жарнасының тағайындау және сауда-саттықта қатысу үшін кепілдік жарнасы енгізілген жекешелендіру объектісінің атауы	Төлем құжатының №	Төлем құжатының күні	Кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1				
2				
	Барлығы			

3. Мен (біз) мыналардың:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе құрылтайшы құжаттарына сәйкес оларды жүзеге асыру объектінің сауда-саттықта сатылу шарты болып табылатын қызмет түрлерімен шұғылдануға құқығы жоқ заңды тұлға;

2) ұйымдастырушы аукционға қатысушы бола алмайтыны туралы хабардармын (мыз).

4. Қатысушыға қойылатын талаптарға мен (біз) сәйкес емес екенім (із) анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттықта қатысу құқығынан айырылуымен, мен (біз) қол қойған сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама және сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылуымен келісемін (із).

5. Егер мен (біз) сауда-саттық жеңімпаз(дар)ы деп танылған жағдайда өзімізге сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға _____

_____ (сауда-саттық нысаны көрсетіледі) өткізілген күні қол қою және _____ өткен күннен бастап _____ (сауда-саттық нысаны көрсетіледі) күнтізбелік он күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін аламыз.

6. Мынадай:

1) сауда-саттық өткізілетін күнге үш жұмыс күнінен аз уақыт қалғанда оған қатысудан бас тартқан;

2) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан;

3) белгіленген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан;

4) сатып алу-сату шарты бойынша мен (біз) міндеттемелерді орындамаған және тиісінше орындамаған;

5) менің (біздің) қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес емес екенім (екеніміз)

анықталған жағдайларда мен (біз) енгізген кепілдік жарнаның сомасы қайтарылмауына және сатушыда қалатынына келісеміз.

7. Осы өтінім сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарт күшіне ие.

8. Өзім(із) туралы мынадай:
Заңды тұлғалар үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының Т.А.Ә. _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі (аукционға өтінім бергенде толтырылмайды):

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____ қоса беріледі.

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә.: _____

ЖСН _____

Паспорт деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі (аукционға өтінім бергенде толтырылмайды):

1) _____

2) _____

3) _____ қоса беріледі.

_____ (қолы) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және

заңды тұлғаның басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.) 20__ ж. «__»_____.

М.О.

20__ ж. «__»_____20__ ж. сағат «__» минутта қабылданды.

(қолы) _____ (өтінімді қабылдап алған адамның Т.А.Ә.)